

КӨШІРМЕ
КОПИЯ



2025 жылдын «08» шілдесіндегі
Қатысушылардың жалпы
жиналысының
№11/2025 Хаттамасымен
«БЕКІТІЛДІ»

**«ШОҚАН ҰАЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕП»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІНІҢ
ЖАРҒЫСЫ**

Алматы қаласы, 2025 жыл

АРҒЫ ЖАҒЫНА ҚАРАҢЫЗ
СМОТРИТЕ НА ОБОРОТЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұдан былайғы мәтінде Серіктестік немесе Мектеп деп аталатын «Шоқан Уәлиханов атындағы жекеменшік мектеп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, бұрынғы атауы «Samal Білім» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес құрылған және әрекет етеді.

1.2. Осы Жарғы коммерциялық ұйым заңды тұлғаның қызметін реттейді – жауапкершілігі шектеулі серіктестік ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, толық атауы төменде көрсетілген.

1.3. Серіктестіктің толық фирмалық атауы:

Мемлекеттік тілде	«Шоқан Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектеп» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «Частная школа имени Шокана Уалиханова»
Ағылшын тілінде	«Shoqan Walikhanov Private school» Limited Liability Partnership

1.4. Серіктестіктің қысқартылған атауы:

Мемлекеттік тілде	«Ш. Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектеп» ЖШС
Орыс тілінде	ТОО «Частная школа им. Ш. Уалиханова»
Ағылшын тілінде	«Shoqan Walikhanov Private school» LLP

1.5. Серіктестік кәсіпкерлік қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңы, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының заңы және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Серіктестіктің мүшелері (бұдан былай – Қатысушылар):

1) «**Fincraft Group**» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 140540017565, орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, А25D7Y5, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 300/26-үй, банк деректемелері: «Банк ЦентрКредит» АҚ, ЖСК KZ918562203104756009, БСК KСJBKZKX;

2) Қазақстан Республикасының азаматы **Тасмагамбетова Асель Имангалиевна**, 27.10.1979 жылы туылған, жеке куәлік
Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігімен 09.04.2019 жылы берілген, тұрғылықты мекен жайы:

1.7. Серіктестіктің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 050059, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Самал-3 ықшамауданы, 37/1-үй.

1.8. Серіктестік заңды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде жұмыскерлердің жылдық орташа саны екі жүз елу адамнан аспайтын және жылдық орташа табысы үш миллион айлық есептік көрсеткіштен аспайтын орта кәсіпкерлік субъекті болып танылады.

1.9. Серіктестіктің қызмет ету мерзімі шектелмеген.

1.10. Меншік нысаны – жекеменшік.

1.11. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат «Заң газетінде» және/немесе ресми www.shoqanschool.kz сайтында жарияланады.

2. Серіктестіктің заңды мәртебесі

2.1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік коммерциялық ұйым болып табылады және өз қызметімен байланысты, кез келген қызмет түрін жүзеге асыруға керек, Қазақстан Республикасы (бұдан былай – ҚР) заңнамасында тыйым салынбаған азаматтық құқықтары мен міндеттері бар.

2.2. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық қызметі мүлктік, экономикалық және қаржылық дербестікке сүйеніп жүзеге асырылады.

2.3. Серіктестіктің дербес балансы, банктегі ағымдағы және өзге де есепшоттары, мөрі, мөртаңбалары, бланкілері, логотипі және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде атауы көрсетілген өзге де атрибуттары бар.

2.4. Серіктестік ҚР заңнамасына сәйкес мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлға болып табылады.

2.5. Серіктестіктің меншік құқығында бөлек тұрған мүлкі бар, өзіне тиесілі, тек ҚР заңнамасына сәйкес қана өндіріп алу бағыттауға болатын мүлік аясында міндеттемелері бойынша жауап береді. Серіктестік өз Қатысушыларының міндеттемелері бойынша, ҚР заңнамасында көзделгендерден өзге жағдайда, жауап бермейді.

2.6. Серіктестік өз мүлкін ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген шекте иелік ету, пайдалану, жұмсауды жүзеге асырады.

2.7. Серіктестік өз атынан мәмілелер жасай алады, мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарды сатып ала алады, жауапкершілік жүктей алады, сот және өзге де органдарда шағымданушы және жауап беруші ретінде көріне алады, сондай-ақ ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыра алады.

2.8. Серіктестік ҚР аумағында және шетелдерде бөлімшелер құрып, өкілдіктер ашуға, оларға өз жеке мүлкі есебінен негізгі және айналым қаражатын беруге және олардың қызмет ретін белгілеуге қақылы.

2.9. Серіктестік ҚР заңнамасында көзделген негіздерге сүйеніп өзге де шаруашылық жүргізетін субъектілердің құрылтайшысы, қатысушысы бола алады. Бөлімшені немесе өкілдікті басқаруды Серіктестік тағайындаған тұлғалар жүзеге асырады. Бөлімше басшысы немесе өкілдік басшысы Серіктестік берген сенімхатқа сүйеніп әрекет етеді.

2.10. Серіктестік ҚР аумағында да, одан тыс та мүлкті сатып алуға, сатуға, жалға алуға, заңды және жеке тұлғалармен заңнамада тыйым салынбаған мәмілелер жасауға қақылы.

2.11.Серіктестік сондай-ақ осы Жарғыда көзделген және ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де құқықтарды сатып ала алады және жүзеге асыра алады.

3. Серіктестік қызметінің мәні мен мақсаты

3.1. Серіктестік қызметінің мақсаты – заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың қызмет, жұмыс және тауар қажетін өтеу арқылы табыс табу, барынша көп табыс алу.

3.2. Серіктестік қызметінің мәні – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім жалпы білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыру, оқушылардың қабілеті мен бейіміне қарай қосымша білім беру мақсатымен білім беру қызметін, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру. Білім беру қызметі 1-мектеп базасында 1-ден 6-сыныпқа дейін жүзеге асырылады және 2-мектеп базасында 7-ден 11-сыныпқа дейін жүзеге асырылады (бұдан әрі-бірілесіп «Мектеп» деп аталады).

3.3. Мақсатына жету үшін Серіктестік мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейінде жалпы білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;

2) оқыту процесінде жаңа білім беру технологияларын, оқытудың белсенді формаларын және аудио-видео, компьютер техникасы мен заманауи ақпараттық технологияны қолдану;

3) халықаралық сапа стандарттарына бағдар ұстау;

4) тұрақты жұмыс істейтін оқу курстарын (шахмат, хореография, аспаздық өнер, көзе шеберханасы, қолөнер, робот техникасы және т.б.) ұйымдастыру;

5) тұрақты жұмыс істейтін ғылыми қоғамдар, студиялар ұйымдастыру;

6) қосымша білім беру (азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің білім алу қажетін жан-жақты өтеу мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларына сүйеніп жүзеге асырылатын тәрбие беру және оқыту);

7) байқаулар, көрмелер, оқушылар ұжымдары фестивальдерін ұйымдастыру, өткізу;

8) білім беру және тәрбиелеу саласындағы халықаралық серіктестікті дамыту, шетелдік оқу орталықтары, мектептер, колледждермен және басқа да білім беру мекемелерімен қарқынды тәжірибе алмасу жүргізу;

9) балалар туризмін, соның ішінде халықаралық балалар туризмін ұйымдастыру;

10) алдыңғы қатарлы шетелдік және отандық білім беру процесін жүзеге асыру тәжірибесін зерттеу, сараптау және енгізу;

11) сондай-ақ ҚР заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген тізімдегі жекелеген қызмет түрлерін Серіктестік тек лицензияға сүйеніп жүзеге асыра алады.

4. Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі

4.1. Мектеп бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі орта (5-9 сыныптар), жалпы орта (10-11 сыныптар) білім деңгейінде білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

4.2. Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары:

1) бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (I деңгей) кейіннен негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын меңгерту үшін баланың тұлғасын қалыптастыру, оның жеке қабілетін дамыту, оқу әрекетінде оң мотивация беру және машықтарын: оқу, жазу, есептеу машығы, тілдесу тәжірибесі, шығармашылық қабілетін, жүріс-тұрыс мәдениетін дамытуға бағытталған;

2) негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (II деңгей) оқушыларға ғылымдар жүйесінің базалық негіздерін меңгерту, оқушылардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынас мәдениетін қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі тануы мен кәсіптік бағдарлануына бағытталған;

3) жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары (III деңгей) білім мазмұнын дифферендтеу, интеграциялау және жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар бойынша бейіндік оқытуды енгізе отырып кәсіптік бағдарлауға сүйене отырып әзірленеді.

4.3. Мектептегі білім беру мазмұны азаматтардың, қоғамның және мемлекеттің білім алу қажетін жан-жақты өтеу мақсатымен барлық деңгейдегі жұмыс бағдарламаларына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленетін және жүзеге асырылатын оқу жоспарларына қарай анықталады.

4.4. Базистік оқу жоспарының вариациялық бөлігіне кіретін оқу пәндері бойынша оқу жоспары мен бағдарламаларын Мектеп өз бетінше әзірлейді.

4.5. Оқу күндері – дүйсенбі мен жұма аралығы, ҚР заңнамасында көзделгендерден өзге жағдайда сенбі мен жексенбі – демалыс күндері.

4.6. Мектептегі сабақ кестесі Серіктестіктің Бас директоры тағайындаған Мектеп директорының бұйрығымен бекітіледі.

4.7. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

4.8. Мектептегі сабақ кестесінде ұзақтығы оқушылардың (тәрибеленушілердің) тамақтануына және белсенді демалуына жеткілікті болатын үзілістер көзделген.

5. Мектепке қабылдау тәртібі

5.1. Мектеп 1-11 сынып аралығында оқушыларды қабылдау емтиханы немесе әңгімелесу арқылы байқау негізінде қабылдайды.

5.2. Оқушыларды іріктеп алғаннан кейін Мектеп қабылданушылар мен олардың Ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне Мектепке қабылдау ережесін, Жарғыны және білім беру процесін ұйымдастыру тәртібін белгілейтін өзге де ішкі құжаттарын таныстырады.

5.3. Мектепке қабылдану үшін Мектептің ішкі ережелерінде көзделген және ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құжаттар ұсынылады.

6. Мектептегі білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

6.1. Білім беру процесінің субъектілері – оқушылар, педагог қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері.

6.2. Білім алғаны туралы құжат негізгі орта және жалпы орта білім берудің типтік оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілетін лицензияға сүйеніп, қорытынды аттестациядан өткен оқушыларға беріледі.

6.3. Педагог қызметін атқаруға ҚР нормативтік актілеріндегі талаптарға сай келетін тұлғалар қабылданады.

6.4. Мектептегі оқыту және тәрбиелеу процесі типтік оқу бағдарламалары мен жұмыс оқу жоспарларына, сонымен қатар өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

6.5. Мектеп оқушылардың мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, сондай-ақ орыс тілін және тиісті білім деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес бір шет тілін оқуын қамтамасыз етеді.

6.6. Оқу жүктемесін, оқушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ оқу режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, санитария талаптарына, типтік оқу жоспарларына, білім беру саласының және денсаулық сақтау саласының уәкілетті органдарының ұстыныстарына сүйене отырып Мектеп бекітетін ережелерде анықталады.

6.7. Мектепте балалар мен жасөспірімдерге ҚР нормативтік актілеріне сәйкес медициналық ілеспе қызмет ұйымдастырылады.

6.8. Мектеп оқушылардың бойында патриотизмді, айналасындағыларға толерантты қатынас көрсетуді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, іскерлік қатынас машықтарын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

6.9. Мектепте келесі алқалық басқару органдары құрылады және әрекет етеді:

1) **Қамқоршылық кеңес** – басқару органы, оның құрамы Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысы қалыптастырады және бекітеді;

2) **Педагогикалық кеңес** – құрамы штаттық құрамнан құралады серіктестіктің (мектептің) штаттан тыс қызметкерлері (әкімшілік және барлығы мұғалімдер);

3) **Әкімшілік кеңес** – өндірістік-әкімшілік мәселелерді жедел шешу мақсатында, білім беру процесін ұйымдастыру, бақылау және қамтамасыз ету үшін құрылады;

4) **Тәртіптік комиссия** – тәртіптік жауаптылыққа тартылатын тұлғаға (қызметкерге немесе оқушыға) тәртіптік жаза қолдану шарасы туралы жан-жақты, толық және объективті мән-жайларды анықтау және ұсынымдар шығару мақсатында қызметтік тергеу материалдарын қарау және тәртіптік теріс қылыққа қатысты фактілерді зерттеу үшін құрылатын тұрақты алқалы орган;

5) **Бракераждық комиссия** – балалардың тамақтануын ұйымдастыруды, жеткізілетін өнімдердің сапасын және Мектепте тамақ дайындау және тарату кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауды бақылауды жүзеге асыру мақсатында құрылады;

6) **Серіктестіктің ғылыми-әдестемелік, оқу-әдістемелік, өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру үшін қажетті басқа да алқалық басқару органдары.**

Жарғының осы тармағының 2)–6) тармақшаларында көрсетілген алқалық басқару органдарының сандық және дербес құрамы Серіктестіктің Бас директорының бұйрығымен бекітіледі.

Барлық алқалық органдардың құрылымы, құзыреті, құрылу тәртібі, мүшелерінің өкілеттік мерзімдерді, олардың шешімдер қабылдау тәртібі тиісті ішкі нормативтік құжаттармен (ереже, қағидалар және т.б.), сондай-ақ ҚР заңнамасымен айқындалады.

7. Оқушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау және қорытынды аттестация жүргізу тәртібі

7.1. Бастауыш сыныптарда емтихан өткізілмейді. Баланың ата-анасының немесе заңды өкілдерінің келісімі бойынша психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы негізінде қайта оқу жылы ұсынылған оқушыларды қоспағанда, 1-сыныптың оқушылары қайта оқу жылына қалдырылмайды. 1-сыныптың алғашқы жарты жылында оқу материалын меңгеру деңгейіне баға қойылмайды.

7.2. 2-8 (9), 10 (11)-сыныптардан келесі сыныпқа оқу пәндерінің бәрінен емтихан бағасын ескере отырып жылдық қорытынды «3», «4», «5» деген баға алған оқушылар өткізіледі.

7.3. 2-11 сыныптардағы ағымдық бақылау оқушылардың әр тақырып пен бөлімдердің бағдарламалық материалдарын игерілуін тексеру мақсатында барлық пәндер бойынша мұғалімдермен жүргізеді.

7.4. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады және мынадай нысандарда өткізіледі:

1) 9 сыныптардың білім алушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары;

2) 11 сыныптардың білім алушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары.

7.5. 1-8, 10 сыныптардың білім алушыларына қорытынды аттестаттау қарастырылмайды.

7.6. Қорытынды аттестаттауға МЖМБС талаптарына сәйкес үлгілік жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгерген 9, 11 сыныптардың білім алушылары жіберіледі.

8. Оқушыларды Мектептен шығаруға негіз және шығару тәртібі

8.1. Оқушыларды Мектептен шығаруға төмендегі негіздер бойынша жүргізіледі:

- 1) ата-анасының (заңды өкілінің) өтініші;
 - 2) баланың мектепте болуына кедергі келтіретін денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды бойынша;
 - 3) оқушының оқу үлгерімі нашар болса;
 - 4) Мектеп Жарғысының, Шартының және ішкі нормативтік құжаттарының талаптары жүйелі түрде бұзылған жағдайда;
 - 5) оқу ақысын төлемегенде.
- 8.2. Оқушыларды мектептен шығару тәртібі Шартпен, ішкі Ережелермен және ҚР қолданыстағы заңнамасының негіздері бойынша реттеледі.

9. Ақылы қызметтер тізімі және қызмет көрсету тәртібі

9.1. Мектеп ақылы негізде ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс келесі қызметтерді ұсынады:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру (балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын, спорт, мәдениет пен өнер саласындағы қабілеті мен бейімін дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру);
- 2) жекелеген оқушыларға оқу бағдарламалары мен жоспарына сәйкес бөлінген оқу уақытынан тыс уақытта пәндер (пәндер және пәндер циклі) бойынша қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- 3) оқушыларға пәндер (пәндер және пәндер циклі) бойынша ғылым негіздерін тереңдете оқытуды ұйымдастыру;
- 4) оқушылар (тәрбиеленушілер), педагог қызметкерлер мен ересек халық арасында спорт жарыстары, семинарлар, мәжілістер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен сату шараларын ұйымдастыру;
- 5) оқушылардың жазғы демалысын, тамақтануын ұйымдастыру;
- 6) оқушылардың кәсіби білім алуын ұйымдастыру.

9.2. Мектеп ақылы түрде көрсететін қызметтері тізімін ресми www.shoqanschool.kz сайтында жариялап отырады.

9.3. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сүйеніп әзірленген және мемлекеттік білім беру органдары мақұлдаған жұмыс оқу жоспарларына (бағдарламаларына) сәйкес, ҚР білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілейтін ретпен ұсынылады.

9.4. Ақылы білім беру қызметі оқушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің қалауымен, бөлек кесте бойынша ұсынылады.

9.5. Ақылы негізде қызмет көрсететін мектеп пен оқушы (тәрбиеленуші), оның ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері арасындағы қарым-қатынас тиісті шартта реттеледі.

9.6. Тауарлар (жұмыс, қызмет) сату жөніндегі ҚР заңнамасында көзделмеген ақылы қызмет көрсетуге тыйым салынады.

9.7. Ақылы білім беру қызметін көрсетуден түсетін қаражатқа салық салу және салықтар мен алымдарға жеңілдік беру реті ҚР салық заңнамасында реттеледі.

9.8. ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес Мектеп шетелдік білім беру ұйымдары, халықаралық ұйымдар мен қорлармен тікелей қатынас орнатуға; серіктестік туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасауға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) қосылуға қақылы.

10. Мектептің оқушылармен, тәрбиеленушілермен және(немесе) олардың ата-анасымен не өзге де заңды өкілдерімен қатынасын рәсімдеу тәртібі

10.1. Оқушылар мен тәрбиеленушілер мыналарға құқылы:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) Мектеп ұйымы кеңесінің шешімімен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары аясында жеке оқу жоспары, қысқартылған білім бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарларына сәйкес балама курстарды таңдауға;
- 4) өз пікірі мен сенімдерін еркін білдіруге;
- 5) өз адами ары мен намысына құрмет көрсетілуіне;
- 6) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін мақталуға және марапатталуға қақылы;
- 7) ҚР заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

10.2. Оқушылар міндетті:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға, практикалық машықтар мен кәсіби білік меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін және Жарғыда көзделген өзге де талаптарды орындауға;
- 2) өз денсаулығына қамқор болуға, рухы мен денесін кемелдікке жеткізуге ұмтылуға;
- 3) Мектепте белгіленген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды ұстануға;
- 4) ҚР заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Міндеттерін бұзғаны үшін оқушыға Мектептің ішкі тәртіп ережелерінде көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары немесе ҚР заңнамасында көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

10.3. Оқушылардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары:

- 1) баласының жеке бейімі мен қабілетін ескере отырып мектеп таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеті арқылы Мектепті басқару органдарының жұмысына араласуға;
- 3) Мектептен өз баласының үлгерімі, тәртібі мен оқу жағдайы туралы ақпарат алуға;
- 4) өз баласының оқуы мен тәрбиесіндегі қиындықтар жөнінде психологиялық-медициналық-педагогтық консультацияларда кеңес алуға қақылы.

10.4. Оқушылардың ата-анасы мен өзге де заңды өкілдері міндетті:

- 1) балаларға өмір сүру мен оқуға салауатты әрі қауіпсіз жағдай жасауға, олардың интеллектуалдық және физикалық күшін дамытуды, ары мен намысының қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) балаға мектепке дейінгі дайындықты қамтамасыз етіп, одан кейінгі білім беру мекемесіне жіберуге;
- 3) Мектептің Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген ережелерді орындауға;
- 4) баланың Мектептегі сабаққа баруын қамтамасыз етуге;
- 5) Мектеп қызметкерлерінің ары мен намысына құрметпен қарауға;
- 6) Мектепте белгіленген міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды орындауға міндетті.

11. Серіктестіктің құқықтары мен міндеттері

11.1. Серіктестіктің құқығы:

- 1) ҚР заңдарында өзгедей бекітілмесе, кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға, тауарлар, қызметтер мен жұмыстар нарықтарына еркін қол жеткізуге;
- 2) ҚР заңнамасына сәйкес жалдамалы еңбек күшін пайдаланып кәсіпкерлік жүргізуге;
- 3) ҚР заңнамасында белгіленгендерден өзге жағдайда өндіретін тауарлары, қызметтері мен жұмыстарына өз бетімен баға белгілеуге;
- 4) тауарлар, қызметтер және жұмыстар сапасын өз бетімен бақылауға;
- 5) кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын бұзған немесе заңды мүддесін жүзеге асыруға кедергі келтірген тұлғаларды жауапқа тарту мәселесімен құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарға жүгінуге;
- 6) дауларды бітімгерлік процедуралары көмегімен реттеуге;
- 7) өз атынан мәміле (шарт) жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жауапкершілік арқалауға; сотта шағымданушы немесе жауап беруші болуға, сондай-ақ ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді іске асыруға;
- 8) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен несиелерді пайдалануға;
- 9) ҚР заңнамасында шектеу қойылмаған өзге де құқықтарды жүзеге асыруға қақылы.

11.2. Серіктестік міндетті:

- 1) ҚР заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін сақтауға;
- 2) ҚР заңнамасы талаптарына сәйкес тауарлар, қызметтер мен жұмыстар сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) қызметтерін тұтынушыларға қызметтер мен жұмыстар туралы толық әрі сенімді ақпарат беруге;
- 4) ҚР заңнамасына сәйкес немесе қызметті әрекетті (операция) жүзеге асыруды бастауға рұқсат алуға немесе хабарлама жолдауға;
- 5) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда азаматтық-құқықтық жауапкершілікті міндетті сақтандыруды жүзеге асыруға міндетті.

11.3. Серіктестіктің ҚР заңнамасында және құрылтай құжаттарында көзделген өзге де құқықтары мен міндеттері болуы мүмкін.

12. Серіктестік Қатысушыларының құқықтары мен міндеттері

12.1. Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңды және жеке тұлғалары Серіктестікке қатысушылар бола алады.

12.2. Серіктестік Қатысушыларының құқықтары:

1) осы Жарғыда және ҚР заңнамасында көзделген ретпен Серіктестік қызметін басқаруға қатысуға;

2) осы Жарғыда көзделген ретпен Серіктестік қызметі туралы ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттарымен танысуға;

3) Серіктестіктің құрылтай құжаттары, Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдеріне және ҚР заңнамасына сәйкес Серіктестік қызметінен табыс алуға;

4) Серіктестік таратылған жағдайда кредиторлармен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе осы мүліктің бір бөлігін Қатысушылар арасындағы келісім бойынша заттай алуға құқылы;

5) ҚР заңнамасында көзделген ретпен өз үлесін сыртқа беру арқылы Серіктестікке қатысуын тоқтатуға;

6) Серіктестік органдарының ҚР заңнамасында және Жарғыда көзделген өз құқықтарын бұзатын шешімдеріне сотқа жүгіну тәртібімен дау айтуға қақылы.

12.3. Серіктестік Қатысушылары міндетті:

1) Серіктестіктің құрылтай құжаттарының талаптарын ұстануға;

2) құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімде Серіктестіктің жарғы капиталына үлес қосуға;

3) Серіктестік коммерциялық құпия деп хабарлаған мәліметтерді жария етпеуге;

4) Серіктестіктің атқарушы органына: орналасқан жерінің, банк деректемелерінің, тұрғылықты жерінің өзгергені және жеке басын куәландыратын құжат деректерінің өзгергені туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

12.4. Серіктестікке Қатысушылар ҚР заңнамасында және құрылтай құжаттарында көзделген өзге де міндеттерді атқара алады және басқа да құқықтарға ие бола алады.

13. Жарғы капиталы

13.1. Серіктестіктің Жарғы капиталы – **9 048 163 859,74 (Тоғыз миллиард қырық сегіз миллион жүз алпыс үш мың сегіз жүз елу тоғыз) теңге 74 тиынды** құрайды.

13.2. Серіктестіктің қызметі өзінің жеке қаражаты және сырттан тартылған қаражат есебінен жүзеге асады.

13.3. Серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту және азайту ҚР қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып және тәртіпте жүзеге асырылады.

14. Серіктестіктің таза табысын үлестіру

14.1. ҚР бекітілген заңнамасына сәйкес қалыптасатын Серіктестіктің таза табысы материалдық шығынды өтеуге, салық төлеуге, өзге де міндетті төлемдерге, Серіктестік қызметкерлеріне жалақы төлеуге жұмсалады.

14.2. Серіктестіктің қызметі нәтижесінде алған таза табысын үлестіру Қатысушылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес жүргізіледі.

14.3. Қатысушы таза табысты немесе оның бір бөлігін үлестіруден шығарып тастау жөнінде шешім қабылдауға қақылы.

14.4. Серіктестікке Қатысушылар табысты үлестіру туралы шешім қабылдаған жағдайда Серіктестік таза табысты төлеуді Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы таза табысты бөлу туралы шешім қабылдаған күннен бастап бір ай мерзімде ақшалай түрде жүргізуі керек.

14.5. Серіктестік Жарғы капиталын толық өтеп болғанға дейін табысты үлестіруге құқығы жоқ.

15. Серіктестікті басқару органдары

15.1. Серіктестік органдары:

1) Жоғары басқару органы – **Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы;**

2) Жекедара Атқарушы орган – **Бас директор.**

15.2. Серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсатында Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен қызметтерінің тәртібі ҚР заңнамасында белгіленген Байқау кеңесі және (немесе) тексеру комиссиясы (тексеруші) құрылуы мүмкін.

16. Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы

16.1. Серіктестіктің жоғарғы басқару органы – Қатысушылардың жалпы жиналысы.

16.2. Серіктестіктің жоғары органы Қатысушылардың кезекті немесе кезектен тыс жалпы жиналысы ретінде шақырылады.

16.3. Серіктестіктің барлық Қатысушыларының жалпы жиналысқа қатысуға, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға және шешімдер қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы бар.

16.4. Серіктестікке Қатысушы жалпы жиналысқа жеке өзі немесе өкілі арқылы қатыса алады.

Сенімгердің өзі тиісінше Серіктестіктің атқарушы органының мүшесі немесе бақылау органының (тексеру комиссиясының) мүшесі болып табылатын жағдайларды қоспағанда, атқарушы орган мүшелерінің және бақылау органдары мүшелерінің жалпы жиналыста Серіктестік Қатысушыларының өкілдері ретінде әрекет етуге құқығы жоқ.

Серіктестікке Қатысушының - заңды тұлғаның өкілі ретінде оның басшысы сенімхатсыз не өзге өкіл сенімхат негізінде қатысуға құқылы.

16.5. Серіктестіктің әрбір Қатысушысы жалпы жиналыста дауыс беру кезінде, Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы өзінің үлесіне сәйкес келетін дауыс санына ие болады.

Осы Жарғының 16.7. тармағының 1), 7), 9), 10) – тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер жиналысқа қатысып отырған және өкілдік етілген серіктестіктің қатысушыларының дауыстарының 3/4 бөлігімен қабылданады.

Қалған шешімдер Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысына қатысып отырған және оған өкілдік алғандардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

16.6. Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысында дауыс беру, ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ашық тәсілмен өткізіледі.

16.7. Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысының ерекше құзіретіне мыналар жатады:

1) Жарғыны, соның ішінде Жарғы капиталының мөлшерін өзгерту, оның орналасқан орны мен фирмалық атауын өзгерту, немесе осы Жарғыны жаңа нұсқасында бекіту;

2) Серіктестіктің жекедара атқарушы органын - Серіктестіктің Директорын сайлау, тағайындау (қайта тағайындау) және өкілеттік мерзімін айқындау, сондай-ақ лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Серіктестікті немесе оның мүлкін сенімгерлік басқаруға өткізу жөнінде шешім қабылдау және солай өткізудің шарттарын айқындау;

3) Серіктестіктің бақылаушы кеңесін және (немесе) тексеру комиссиясын (тексерушіні) сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің тексеру комиссиясының (тексерушісінің) есептері мен қорытындыларын бекіту;

4) қаржылық есептілікті бекіту және таза табысты үлестіру;

5) осы Жарғыда Серіктестіктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттардан басқа, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін және басқа да құжаттарды бекіту;

6) Серіктестіктің өзге шаруашылық серіктестіктерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы жөнінде шешім қабылдау;

7) Серіктестікті қайта құру немесе тарату жөнінде шешім қабылдау;

8) тарату комиссиясын құру және тарату баланстарын бекіту;

9) ҚР заңнамасына сәйкес Серіктестік Қатысушысының үлесін мәжбүрлеп сатып алу жөнінде шешім қабылдау;

10) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге қою туралы, сондай-ақ Серіктестік атынан кепілдік немесе кепілдеме беру жөнінде шешім қабылдау;

11) ҚР заңнамасына сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша салым қосу жөнінде шешім қабылдау;

12) Серіктестік Қатысушыларына және үлес сатып алушыларға Серіктестік қызметі туралы ақпарат беру тәртібі мен мерзімін бекіту;

13) Серіктестіктің нәтижесінде құны Серіктестік активтерінің баланстағы құнының жалпы көлемінен елу бір және одан да көп пайызына тең болатын

мүлкі сыртқа шығатын (шығуы мүмкін болатын) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жасауы жөнінде шешім қабылдау;

14) Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемесіне аудит жүргізу үшін аудитор ұйымды анықтау.

16.8. Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерін Серіктестік Бас директорына жүктеуге қақылы. Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы Серіктестіктің қызметіне байланысты кез келген мәселені қарауға қабылдауға құқылы.

16.9. Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері ҚР заңнамаларымен айқындалады.

17. Серіктестіктің атқарушы органы

17.1. **Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы сайлайтын және тағайындайтын Серіктестіктің Бас директоры** - Серіктестіктің жекедара атқарушы органы болып табылады. Егер Бас директордың өкілеттік мерзімі Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен айқындалмаса, онда ол бес жыл мерзімге бекітілген болып есептеледі.

17.2. Серіктестіктің атқарушы органының құзыретіне ҚР заңнамасына, Серіктестіктің Жарғысына немесе Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы қабылдаған ережелерге және өзге де құжаттарға сәйкес Серіктестікке Қатысушылардың немесе байқаушы органдардың жалпы жиналысының құзыретіне жатпайтын Серіктестіктің қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

Бас директор Серіктестіктің жоғары басқару органына - Серіктестік Қатысушылардың жалпы жиналысына есеп береді, қызмет нәтижелері туралы жылына кем дегенде бір рет есеп беріп отырады.

17.3. Серіктестіктің Бас директорының құқығы:

1) сенімхатсыз, өзіне берілген өкілеттіктер аясында Серіктестік (Мектеп) атынан барлық әрекетті жүзеге асыруға;

2) Серіктестік қызметіне қатысты мәселелер бойынша жеке тұлғалармен, заңды тұлғалармен, соның ішінде мемлекеттік органдар, соттармен арадағы қарым-қатынаста Серіктестік (Мектеп) мүддесін танытады;

3) Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімімен ұсынылғанда және ҚР заңнамасында көзделген жағдайлар мен шектерде Серіктестіктің мүлкіне қожалық етеді;

4) шарттар (келісімшарттар), оның ішінде еңбек шарттарын жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

5) сенімхаттар, соның ішінде өзгеге берілуі мүмкін сенімхаттар береді;

6) банктерде ағымдағы және өзге де, соның ішінде шетел валютасындағы шоттар ашады, Серіктестіктің (Мектептің) банктердегі шоттарын жүргізу және жабуға байланысты мәселелерді қадағалайды;

7) Серіктестік (Мектеп) бюджеті шегінде Серіктестіктің (Мектептің) іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді Қазақстандағы және шетелдердегі оқу орталықтарында оқыту және қызметкерлер біліктілігін арттыру реті мен жоспарларын бекітеді;

8) бұйрықтар шығарады және Серіктестік (Мектеп) үшін міндетті ішкі нормативтік құжаттарды (қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу туралы ереже, оқушыларды Мектепке қабылдау ережесі және Мектептің оқу, оқу-әдістемелік, тәрбие, ғылыми, қаржылық, шаруашылық қызметін және кадр саясатын реттейтін басқа да құжаттарды) бекітеді;

9) Серіктестік (Мектеп) қызметкерлеріне қатысты оларды қызметке тағайындау туралы, оларды басқа жұмысқа ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, еңбекке ақы төлеу жүйелерін белгілейді, лауазымдық жалақы мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілейді, сыйақы беру мәселелерін шешеді, көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады;

10) өзінің орынбасарларының және Серіктестіктің (Мектептің) өзге де қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері шегін анықтайды, Серіктестіктің (Мектептің) барлық қызметкерінің әрекетін қадағалайды және үйлестіреді;

11) қолданыстағы ҚР заңнамасында және осы Жарғыда өзіне жүктеген өзге де функцияларды атқарады.

17.4. Тиімді басқару мен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында мектептің жедел қызметі, ішкі бұйрықпен Бас директор мектеп Директорын (директорларын) тағайындайды.

17.5. Бас директормен тағайындалған мектеп Директоры құқылы, егер бұйрықта басқаша көрсетілмеген болса:

1) Бас директордың бұйрығымен берілген өкілеттіктер шегінде мектеп атынан барлық әрекеттерді жүзеге асыру;

2) мектеп қызметі мәселелері бойынша жеке тұлғалармен қарым-қатынаста, заңды тұлғалар (ұйымдар) мен, мемлекеттік органдарды, соттарды қоса алғанда, мектептің мүдделерін білдіру;

3) мектепке қатысты шарттар (келісімшарттар) ды жасасу, оның ішінде және еңбек және олардың орындалуын қамтамасыз ету;

4) сенімхаттарды беру;

5) мектеп бюджеті шегінде іссапарлар, тағылымдамалар бойынша мектептің тәртібі мен жоспарларын бекіту, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында және басқаларында оқытуға қызметкерлердің біліктілігін арттыру түрлерін, мектептің тәртібі мен жоспарларын бекіту;

6) ішкі нормативтік құжаттарды (және мектеп үшін міндетті бұйрықтарды шығару және бекіту;

7) мектеп қызметкерлеріне қатысты бұйрықтар шығару, оларды лаузымына тағайындау туралы, ауыстыру және жұмыстан шығару, еңбекақы төлеу жүйесін анықтау, лауазымдық айлықақылар мен дербес үстемақылардың мөлшерін белгілеу, марапаттау мәселелерін шешу, көтермелеу шараларын қабылдау және тәртіптік жаза қолдану;

8) өз орынбасарларының және басқалардың міндеттері мен өкілеттіктерінің шеңберін айқындау мектеп қызметкерлерінің қызметін бақылауды және үйлестіруді жүзеге асыру.

17.6. Серіктестіктің Бас директорына және мектеп Директорына тыйым салынады:

1) Серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының келісімінсіз Серіктестікпен мәмілелерді жасау, одан мүліктік пайда алуға бағытталған (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және т.б. шарттарды қоса алғанға;

2) Серіктестіктің өзінен комиссиялық сыйақы алу, сонымен және үшінші тұлғалармен жасалған мәмілелер үшін үшінші тұлғалардан;

3) серіктестікпен қарым-қатынастарында үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүддесі үшін сөйлеу;

4) Серіктестік қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру.

17.7. Серіктестіктің Бас директоры және мектеп Директоры жауапты:

1) оқушылардың, мектеп қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзу;

2) оның құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамау;

3) МЖМБС талаптарын бұзу;

4) мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің оқу және тәрбие үдерісінде;

5) оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзу, білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамау;

6) Қаржы-шаруашылық қызметтің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражатты мақсатсыз пайдалану;

7) білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне, дұрыс емес және (немесе) уақтылы әкімшілік деректерді ұсынылмауы;

8) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген, талаптардың өзге де бұзылуы.

17.8. Мектеп директоры Серіктестіктің Бас директорына есеп береді, ол жүзеге асыратын кез келген іс-әрекет және ол қабылдайтын ішкі өкімдер және/немесе бұйрықтар Бас директордың тиісті өкімдеріне және/немесе бұйрықтарына қайшы келмеуі және/немесе бұзбауы тиіс, Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімдеріне.

Бас директор мектеп Директорының кез келген бұйрығының және/немесе өкімінің күшін жоюға құқылы.

17.9. Серіктестіктің Бас директоры мен мектеп Директоры серіктестікті басқаруды директордың тиісінше жүзеге асырмауынан туындаған серіктестіктің дәрменсіздігі (банкроттығы) салдарынан болған залалдар үшін үшінші тұлғалар алдында жауапқа тартылуы мүмкін.

18. Серіктестік мүлкінің қалыптасу реті

18.1. Серіктестік мүлкі құны баланста көрсетілетін Серіктестік активтерінен құралады. Серіктестік мүлкі:

1) Серіктестік Қатысушыларымен берген мүлік;

2) өз қызметі нәтижесінде алынған мүлік (оның ішінде ақшалай табыс);

3) ҚР заңнамасында тайым салынбаған өзге көздер есебінен құралады.

18.2. Серіктестік қызметі Қатысушылардың қаражаты, ата-аналардың оқу ақысы, қосымша білім (оның ішінде үйірме қызметтері) үшін төлемдері, сондай-ақ мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

18.3. Серіктестік ҚР заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және есептеме береді.

18.4. Серіктестіктің қаржы-шаруашылық әрекетіне тексеру және ревизия жүргізу ҚР заңнамасында бекітілген тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Серіктестікке Қатысушыларға және үлестерді сатып алушыларға серіктестіктің қызметі туралы ақпарат беру ұсыну тәртібі және мерзімі

19.1. Серіктестік Қатысушылардың және серіктестік үлесін сатып алушылардың жазбаша талап етуі бойынша Серіктестіктің қызметі туралы олардың мүдделерін қозғайтын ақпаратты беруге міндетті.

19.2. Серіктестік қызметі туралы Қатысушының мүддесіне қатысы бар ақпарат және құжаттардың көшірмелері Қатысушыға одан Серіктестіктің атқарушы органына жазбаша сұрату түскен сәттен бастап **он жұмыс күні ішінде** беріледі.

19.3. Бас директор Қатысушыларға сотта корпоративтік дау жөнінде іс қозғалғаны туралы хабарлауға міндетті. Сотта корпоративтік дау жөнінде іс қозғалғаны туралы ақпарат Қатысушыға жазбаша түрде (электрондық пошта немесе тапсырыс хат арқылы), Серіктестік тиісті сот хабарламасын алғаннан немесе корпоративтік дауға байланысты азаматтық іс бойынша сотқа шақырылғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей жеткізіледі.

19.4. Қатысушы (үлес сатып алушы) осы Жарғыда көзделген ақпаратты алу үшін Серіктестіктің атқарушы органына көрсетілген ақпаратты беру жөнінде жазбаша өтінішпен жүгінеді. Қатысушының (үлес сатып алушының) жүгінуі Серіктестіктің кіріс құжаттарды есепке алу журналында тіркелуге тиіс. Серіктестік Қатысушыға (үлес сатып алушыға) талап етілген ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) Қатысушының (үлес сатып алушының) өтініші тіркелген күннен кейін, осы осы Жарғының 19.3 тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, **отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей** беруге міндетті.

19.5. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жері бойынша ҚР заңнамасына сәйкес сақтауға тиіс.

20. Еңбек ұжымы және еңбек қатынастары

20.1. Серіктестік пен үшінші тұлғалар және еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас тәртібі тараптар жасайтын нақты еңбек және шаруашылық келісімдерінде/шарттарында анықталады.

20.2. Серіктестік қызметкерлерді еңбек шартын жасай отырып жалдауға қақылы.

20.3. Қызметкерлерді әлеуметтік және медициналық сақтандыру ҚР қолданыстағы заңнамасында көрсетілген ретпен және шартпен жүзеге асырылады.

20.4. Жұмыс режимін Серіктестіктің Бас директоры немесе мектеп Директоры ҚР еңбек заңнамасына және жалпы қабылданған практикаға сәйкес құқықтар мен міндеттерді бөлуге сәйкес белгілейді.

20.5. Серіктестік өз бетімен, ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып өз қызметін қызметкерлер құрамымен қамтамасыз ету мәселелерін шешеді, еңбекті ұйымдастыру, еңбек ақысын төлеу және материалдық ынталандыру нысандары мен әдістерін, Серіктестік қызметкерлеріне төленетін тариф мөлшерлемелері мен жалақы, сыйақы және төлемдер мөлшерін, жұмыс күні мен жұмыс аптасының ұзақтығын, ақысы төленетін және өзге де демалыстардың мөлшері мен тәртібін белгілейді.

21. Қадағалау, есеп және есептілік

21.1. Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін 5 (бес) жыл мерзімге 3 (үш) адамнан тексеру комиссиясы (тексеруші) құрыла алады.

21.2. Серіктестіктің Бас директоры немесе мектеп Директоры тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

21.3. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемелерінің дұрыстығын, сондай-ақ оның істерінің ағымдағы жай-күйін тексеру және растау үшін Серіктестікпен, оның Директоры немесе Қатысушыларының жалпы жиналысымен бекіткенге арада мүліктік мүдделермен байланысы жоқ кәсіби аудиторды тартуға құқығы бар.

21.4. Серіктестіктің қатысушылары Серіктестіктің жылдық қаржылық есептемелеріне өз есебінен аудиторлық тексеру жүргізуді талап етуге құқылы.

21.5. Егер Серіктестіктің атқарушы органы Серіктестіктің қаржылық есептерінің аудиторлық тексерілуін жүргізуден бас тартатын болса, мұндай тексеру сот шешімімен жүзеге асырылады.

21.6. Серіктестік ҚР заңдарына сәйкес есептердің және есеп берудің дұрыс және тәртіпті жүргізілуіне жауапты болады.

22. Серіктестікті қайта құру және қызметін тоқтату

22.1. Серіктестіктің қызметі тоқтатылуы қайта құру немесе таратылу арқылы жүзеге асырылады.

Серіктестік қызметін тоқтатуға келесі жағдайлар негіз болады:

1) Егер Жарғылық капиталды азайту нәтижесінде оның мөлшері қолданыстағы ҚР заңдарында көрсетілген ең төменгі мөлшерден аз болғанда;

2) Егер қатысушы белгіленген мерзімде Серіктестіктің Жарғылық капиталын құрмағанда болуы мүмкін.

3) ҚР заңнамалық актілермен қарастырылған өзге де негіздер бойынша.

22.2. Серіктестікті қайта құру (қосылу, бірігу, бөліну, бөліп шығару, қайта ұйымдастыру) Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы шешімімен, сондай-ақ өкілетті мемлекеттік органдардың шешімімен, сондай-ақ ҚР заңнамалық актілерде көзделген жағдайларда сот шешімімен жүзеге асырылуы мүмкін.

22.3. Серіктестік ҚР заңнамасына сәйкес өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарға қайта құрылуға құқылы.

22.4. Серіктестік таратылуға жатады:

- 1) Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналысы шешімімен;
- 2) сот шешімімен;
- 3) Қолданыстағы ҚР заңдарында қарастырылған басқа да негіздер бойынша таратылуға жатады.

22.5. Серіктестіктің таратылуы Серіктестік Қатысушылардың немесе сот шешімімен тағайындалған тарату комиссиясымен жүргізіледі. Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап, оған Серіктестіктің қызметін басқару өкілеттілігі өтеді.

Серіктестікті тарату ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған тәртіп бойынша жүргізіледі.

22.6. Серіктестік таратылғаны тіркелген күннен бастап заңды тұлға мәртебесінен айырылады және тіршілігін тоқтатқан болып саналады.

23. Қорытынды ережелер

23.1. Осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып қалса, ол өзге ережелерге әсер етпейді. Жарамсыз ереже құқықтық қатынас тұрғысынан рұқсат етілген, мағынасы жақын ережеге алмастырылады.

23.2. Жарғыға ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзгертулер мен түзетулер Серіктестік Қатысушысының шешімімен енгізілуі мүмкін.

23.3. Серіктестік қызметіне қатысты осы Жарғыда көрсетілмеген мәселелер ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

**«Fincraft Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі,
президенті Вакишева Кеңес Хамитұлы,**

(қолы) (подпись)



Тасмагамбетова Асель Имангалиевна

(қолы) (подпись)



«УТВЕРЖДЕН»

**Протоколом общего
собрания учредителей №11/2025
от «08» июля 2025 года**

**УСТАВ
ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«ЧАСТНАЯ ШКОЛА ИМЕНИ ШОКАНА УАЛИХАНОВА»**

город Алматы, 2025 год

1. Общие положения

1.1. Товарищество с ограниченной ответственностью «Частная Школа имени Шокана Уалиханова», прежнее наименование Товарищество с ограниченной ответственностью «Samal Білім», далее по тексту именуемое Товарищество или Школа, создано и действует в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Предпринимательским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», Законом Республики Казахстан «Об образовании» и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан.

1.2. Настоящий Устав регламентирует деятельность коммерческой организации - юридического лица, образованного в организационно-правовой форме Товарищества с ограниченной ответственностью, полное наименование которого указано ниже.

1.3. Полное фирменное наименование Товарищества:

на государственном языке	«Шокан Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектеп» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
на русском языке	Товарищество с ограниченной ответственностью «Частная школа имени Шокана Уалиханова»
на английском языке	«Shoqan Walikhanov Private school» Limited Liability Partnership

1.4. Сокращенное наименование Товарищества:

на государственном языке	«Ш.Уәлиханов атындағы Жекеменшік мектеп» ЖШС
на русском языке	ТОО «Частная школа им. Ш.Уалиханова»
на английском языке	«Shoqan Walikhanov Private school» LLP

1.5. Товарищество осуществляет предпринимательскую деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан, Гражданским кодексом Республики Казахстан, Предпринимательским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью», Законом Республики Казахстан «Об образовании», иными нормативными правовыми актами и настоящим Уставом.

1.6. Участниками Товарищества является (в дальнейшем - Участники):

1) Товарищество с ограниченной ответственностью «Fincraft Group», БИН 140540017565, место нахождения: Республика Казахстан, A25D7Y5, город Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 300/26, банковские реквизиты: ИИК KZ918562203104756009 в АО «БанкЦентрКредит», БИК KСJBKZKX;

2) Гражданка Республики Казахстан **Тасмагамбетова Асель Имангалиевна**, 27.10.1979 года рождения, удостоверение личности
выдано 09.04.2019 года Министерством внутренних дел

Республики Казахстан, проживающая по адресу:

1.7. Местонахождение Товарищества: Республика Казахстан, индекс 050059, город Алматы, Медеуский район, микрорайон Самал-3, дом 37/1.

1.8. Товарищество является юридическим лицом и на основании законодательства Республики Казахстан признается субъектом среднего предпринимательства со среднегодовой численностью работников не более двухсот пятидесяти человек и среднегодовым доходом не свыше трехмиллионнократного месячного расчетного показателя.

1.9. Срок деятельности Товарищества не ограничен.

1.10. Форма собственности – частная.

1.11. Информация о деятельности Товарищества публикуется в газете «Юридическая Газета» и/или на официальном сайте www.shoqanschool.kz.

2. Юридический статус Товарищества

